

Антивирустық қауіпсіздік

Тапсырма 1. Компьютерлік вирустар мен қолданылатын антивирустық программа аттарын тауып кіші әріптермен жақша ішінде көрсетілгендей жазыңыз. (детектор программалар, доктор программалар, ревизор программалар, сүзгі программалар, құрттар, троян аттары, логикалық бомбалар, вирус-қақпан)

Вирус жұққан программалар мен дискілерді «вирустарын» өшіру арқылы емдеп, оларды бастапқы қалпына келтіреді.

Бұрыннан белгілі вирус түрлерінен қорғай алады, алайда жаңа вирустарға қарсы дәрменсіз

Алдымен программалар мен дискінің жүйелік аймағы туралы мәліметтерді есіне сақтап, содан соң оны кейінгісімен салыстырады.

Вирустардың зиянды әрекетін тоқтатып, компьютер пайдаланушысына дер кезінде хабарлап отырады.

жүйелік программалаушылардың ақпараттық есептеу желілерінің бос тұрған ресурстарын анықтау программасына кіріп, бос ұрылғыларды тектен-тек жұмыс істеуге мәжбүр етеді.

жасырын ақпараттарды жария етеді, жедел жадтағы ақпараттарды «басқа жаққа» жібереді. Жасалу құрылымы мен көбею жолы оңай болғандықтан, көбіне компьютер желілерін толық жайлап алады

қарапайым программаларға кіріп, жасырынып жатады. бір шарттар (көрсетілген күн, ай мерзімінде немесе уақытта, программа орындалуының белгілі кезеңінде) орындалғанда ғана әсер ете бастайды

Тапсырма 2. Компьютерге вирус жұққанда компьютер қандай жағдайда болады дұрысын тауып жазыңыз

Экранға белгісіз деректер, символдар т.б. шығады

Экран қара ешқандай компьютерден дыбыс естілмейді

Кейбір программалар жұмысын тоқтатады

Дыбыс колонкасынан дыбыс шықпайды

Экранда кенеттен әртүрлі бейне және дыбыстық эффекттер пайда болады

Компьютерге 3д модельдеу программасы орнатылмады

Компьютердің жылдамдығы төмендейді

Бума ішінде басқа бума оның ішінде басқа бума пайда болуда

Файлдардың ашылмай қалуы жиілейді